

Крылов және Абай

(Крыловтың туғанына 180 жыл толуына)

Абайдың үлгі—өнеге алған ең үлкен мектебі XIX ғасырдағы классикалық орыс әдебиеті болды. Сол мектептен үлгі алған Абай қазақ әдебиетінде үлгілі мектеп болды.

Абайдың ең бір ұмытылмас еңбегі—орыстың ұлы жазушыларынан өзі үлгі—өнеге алумен бірге,—оларды қазақ халқына таныстырып, олардың еңбегін аударып өз еліне үлгі етуінде.

Соның бірі орыстың ұлы ақыны—Иван Андреевич Крылов болды.

„Сенде бір кірпіш дүниеге, кетіп тап та, бар қалан“ деп, Абай айтқандай, әдебиет әлемінде де әркімнің өз орны бар. Ақын—жазушының бәрі бірдей әдебиеттен қолма—қол өз орнын дәл таба қоюы сирек нәрсе.

Өзінің талантына, бейіміне сай орнын таппаған ақын, қаншама талантты болсын халыққа танылуы қиын болмақ.

Сол сияқты Крылов та әдебиеттегі өзінің өз орнын әдебиетте мысал жаза бастаудан барып тапты. Мысалдарымен халыққа танылды, әдебиеттен, хурметті орнын алып, тарихтағы ұлы жазушы болып қалды. Крылов мысал жазбастан бұрын да поэзия, сатира, шығармалар, комедиялар, пьесалар жазған адам.

Ақ, әдебиетте Крыловты даңқы еткен, жазушылықтың биік шыңына жеткізген оның мысалдары.

Иван Андреевич Крылов 1769 жылы туып, 1844 жылы қайтыс болған ақын.

Крылов 40 жасқа аяқ басқанда

барып (1805 жылы) тұңғыш баснясын („Емен мен Шілік“) жазады. Содан бастап 30 жылға тарта осы жанрда еңбек етеді. Крылов барлығы екі жүздей мысал—өлең жазған. Мысал—өлең жазуда әдебиет тарихында ең зор атакқа ие болған Крылов болды.

Көзі тірісінің өзінде өз заманында Крыловты білмейтін, оның мысал—өлеңдерін сүйсініп оқымайтын орыс жұртшылығы болмаған. Крылов мысалдары тек оқыған адамдарға ғана емес, орыстың „ең кейген кәрі, еңбектеген жас“ деген сияқты бәріне мәлім болған. Крылов мысал—өлеңдерінде өзінің ақындық асқан талантын көрсетті.

Крылов мысалдары тілге жеңіл, тамаша көркем, әрі қарапайым ұғымды, мазмұны терең, өмірге соншама жанасымдылық хасиетімен халыққа түгел жетті.

Орыс халқының жарқын ойы, терең ақылы, ұшқыр қиялы, алғыр сезімі, бай тілінің барлық нәрлі хасиеттері Крылов мысалдарында айнымай дәл түсіп, толық көрінді.

Қоғам өміріндегі әр алуан кемшіліктер, жеке адам басындағы жатымсыз мінез, жарамсыз қылықтар, ескі өмірдің салты мен санасынан туған кесел мінез—құлықтар Крылов мысалдарында өзінің жексурын бет бейнесінен шындық айнасына айнымай түсіп, аяусыз әшкере елді.

Патшаның зорлықшыл әкімдері, зұлым чиновниктері, паракор судьялары, бақ құмар, дүниеқор, мансапқорлар, өтірікші, мақтаншақтар, айлакер кулар, тілі майда, қаны қара залымдар, топас надандар, олардан

қорлық көрген момын сорлылар—неше алуан хайуанаттардың бейнесінде Крылов мысалдарынан орын алады.

Крылов өлеңдерінің көпшілігі халықтың мақал, мәтеліне айналып кетеді. Крылов мысалдарында жатымсыз мінез—құлықтарды сынау, үлгі—өнеге айту, әсресе, қоғам өмірінің шындығын суреттеп, ащы ажуамен әшкере леу-сатира басым болып келеді.

Крылов мысалдары халық даналығымен қабысып жатады. Кейде халықтың мақал-мәтелдерінің өзі де ақын шығармасына тақырып болып отырады.

Мысалы, „Не ексең-соны орасың, су ішетін қудығына түкірме“, деген сияқты мақалдардың негізінде де мысалдар жазған.

Крылов мысалдарында өз дәуірінің қамтылмаған жағы жоқ. Крылов мысалдары орыс әдебиетінің реалистік бағытта дамып, өсуіне жол ашты.

Ұлы сыншы Белинский, Пушкин-дерден бастап, бүкіл халық Крылов мысалдарын жоғары бағалады.

Крылов мысалдары ақынның тірі кезінде Европа жұртының бар тіліне аударыла бастады. Сонымен қатар сол кезде грузин тіліне, араб, парсы, еврей тілдеріне аударылды.

Крыловты қазақ жұртшылығына өз заманында кеңірек танытқан Абай болды. Абай 1898 жылдар Крыловтың „Қарға мен Түлкі“, „Әншілер“, „Музыканты“, „Бака мен Өгіз“, „Шегіртке мен Құмырысқа“, „Бүркіт пен Қарға“, „Піл мен Қанден“, „Есек пен Бұлбұл“, „Емен мен Шілік“, „Алақойлар“,

„Жарлы бай“, „Қазаға ұрынған Қарашекпен“ тағы басқа мысалдарын аударды.

Абай Крылов мысалдарындағы реализмді өзіне үлгі етіп ала отырып, оның сатира жағы басым мысалдарын тандап алды.

Қазақ өміріндегі ескі салт-сананы, әдет-ғұрыпты, жалқаулық, надандық, қулық-сұмдық сияқты жаман әдеттерді шенеп, әшкере леуге ылайықты Крылов мысалдарын Абай қазақ тұрмысына бейімдеп аударды.

Крылов мысалдарын аударғанда Абай Крылов өлеңдеріндегі орыс тілінің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, мазмұны мен мағынасын терең түсініп аударды.

Қазақ тіліне жатық етіп, қазақ тұрмысына бейімдеп, ұғымына жеңіл етіп аударды. Сөйтіп, мысалдың көздеген нысанасына дәл тиюін қатты ескергенін көреміз. Бұл жөнде Абай аудармалары ақынның мақсаты мен негізгі идеясын жеткізе беруге зер салғандықты көрсетеді.

Мысалдың соңында келетін қорытынды пікірді де Абай қазаққа түсінікті етіп өзінше береді. „Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске умтыл!“ („Бүркіт пен Қарға“), „Есі шықпай мұнан да ішкен артық, қыйсыны жоқ қышқырған неткен тантық“ („Әншілер“) тағы тағылар.

Абай Крылов мысалдарын құрғақ аударушы емес, Крыловтың үлгісін өз творчествосына ұштастырып, қазақ әдебиетінде мысал—өлең үлгісін жасаушы ақын деуіміз керек.

Абай Крылов мысалдарының оқылғасын, тақырып желісін беруде де, тұрмыс, табиғат суреттерін сыйпаттауда да қазақ даласының, қазақ елінің өмірімен қабыстыруды мақсат еткені және солай сыйпаттап бергені көрінеді. Өлеңнің жол санын, көлемін дәл сақтауды да

хажет таппаған. Айтайын деген ойды жеткізуді басты міндет санаған. Бұл жөнде Крылов мысалдарының бағытын да Абай өзі айтпақ мақсатқа қарай бейімдейді. „Емен мен Шілік“ те тәк әппар еменнің ауызынан алла түспейді. Ол Шілікті алла сорлы ғып жаратқан бишарасың деп кеудесін көтереді. Дни соқыр сеніңнің құлдарын Абай қатты ажуа етеді. Бұл Абай үшін ең басты тақырып, өмір шындығына хажет тақырып болды. Ал, Крыловта бұл жайлар мүлде жоқ. Абай Кавказдан шыққан қара бұлтты сыйпаттап, келе жатқан дауылдың күшін суреттейді.

Тәкәппар, тон мойын, аллаға сенген Еменді дауыл түбімен қопарып әкетеді де Шілік аман қалады.

Майысканнан шіліктің несі кетті, Батыр, мақтан күйлем, сен де о ғұрлым деп, қортынды шығарады. Кішіпейілділік пен жокқа сенген мақтаншақ, өр кеуделік—Абайдың үнемі қарсы қойып отыратын, адамгершілікті дәріштеп жырлайтын тақырыбы.

„Бұлбұл мен Есек“ те Крылов Есекті Бұлбұлға қолма—қол жоқтырса, Абай: „Тойған Есек шөпті оттап манайдағы, сонырқап шатқа кетті қай—қайдағы...“ деп бастап барып, Есекті Бұлбұлға кездестіреді.

„Есек пен Бұлбұл“ мысалынан Абай былай қортынды шығарады:

Демеймін мені мактасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан,
Құдайым бізді сактасын.

Абай „Бүркіт пен Қарға“ (Крыловта „Вороненок“) мысалының қортындысын да өзінше шығарады. (Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске умтыл), бұл мысал да Абайдың: „Қыран бүркіт не алмайды салса баптап,

Жұрт жұрғой күйкентай мен қарға сақтап“... деген өлеңінің сарынында болып келеді.

„Қазаға ұрынған Қарашекпен“ де де:

Ағайынға іс түспек—
Ол бір үлкен қарғыс қой.
Аларың сонда ең күштеп,
„Быйшара“ менен „байғұс“ қой,—деп мысалды аяқтайды.
Сол сияқты „Піл мен Қанден“ мысалындағы:

Жұрт мұнымды көрмей ме,
Батыр атак бермей ме?
„Қой бұл Қанден—ер шірікін,
Пілге де үрген демей ме!“ дегені Абайдың:

„Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,

Әркім бір нт сақтап жүр ырылдатып“ деген өлеңімен үлгіседі.

„Алақойлар“ мысалында елді қанаушы, залымдардың жемқорлық, зұлымдық әрекетін аяусыз әшкереleyді. „Шегіртке мен Құмырысқа“ да „Ала жаздай ән салсаң, селкілдеде, билей бер!“ дегені, елбектеп қашсаң—дөңбекке, дегенді көрсетеді.

Абайдың Крыловтан алған үлгісі Абай поэзиясын мазмұн, идея, түр жағынан онан сайып тереңдетіп, байытып, сатиралық сарынды күшейтіп, қазақ әдебиетінің реалистік бағытта даму жолын кеңейте түседі.

Крылов, Абай мысалдары өмір шындығының айнасы. XIX ғасыр әдебиетіндегі адамгершілік, халықтық, демократиялық идеяның үлгісі. Адамның мінез—құлқын тәрбиелеуде мәңгі маңызды жоймайтын әдеби мұра.

Данышпан Абай ұлы орыс халқының XIX ғасырдағы классикалық әдебиеті мен қазақ әдебиетінің тағдырын байланыстырып, келешегін айқындап кетті.

Қ. МҰКАМЕТХАНОВ.